

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

«Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Қарағандытүстімет» ӨБ филиалының Абыз кен орны үшін 2025-2031 жылдарға арналған «Абыз кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары (ашу схемасын түзету)» жобасына, эмиссиялар нормативтерінің жобаларына (РШН, РТН), қалдықтарды басқару бағдарламасына (ҚББ) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін (қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы).

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.

«Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Абыз кен орны Қарағайлы кентінен 66 км қашықтықта орналасқан. Қарқаралы қаласының аудан орталығы «Абыз» кенішінен 70 км қашықтықта (төте жолмен) және кен орнынан батыс бағыттағы автожол бойыннан 87 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын елді мекендер солтүстік-батыстағы (5 км) Абыз ауылы және оңтүстік бағыттағы Бақты ауылы (28 км) болып табылады.

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55.62	76	29	41.34
2	49	24	54.14	76	29	36.13
3	49	24	56.37	76	29	26.05
4	49	25	03.44	76	29	11.28
5	49	25	19.97	76	28	56.63
6	49	25	38.11	76	29	27.16
7	49	25	23.09	76	29	54.07
8	49	25	06.46	76	29	55.25

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: жоқ.

6. Көзделген қызметтің бастамашысының деректемелері және байланыс нөмірлері: «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Қаныш Сәтбаев алаңы, 1 үй БСН 050140000656, тел: 8 7212-95-27-07, 95-26-12; e-mail: office@kazakhmys.kz

7. Көзделген қызметтің әсер етуі ықтимал туралы есептерді жасаушылардың, стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс нөмірлері.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902.
Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл. мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні- 05.03.2025 ж.

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты- 11:50 сағат

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты-12:00 сағат

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты- 12:42 сағат.

Өткізу орны – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз ауылы, Абыз ауылының клубы, Абыз көшесі, 4.

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда;

Жоба бойынша құжаттама БЭП-да орналасқан: <https://ecoportal.kz/> жариялау күні: 17.01.2025 ж.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында:

ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about?lang=ru>

«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жариялау күні: 22.01.2025ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Ortalyq Qazaqstan» газеті 25.01.2025 ж. № 9 (23 478).

«Бірінші Қарағанды» телеарнасы: хабарландыру 25.01.2025 ж. Эфирде шықты (эфирлік анықтама және бейнеролик көшірмелері қоса беріледі).

4) Бақты ауылдық округы әкімдігінің ғимараты, Абыз ауылының клубы мекенжайлары бойынша 2 дана хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қатысушы – **20 адам.**

Хатшы **А.С.Аманкелдинаға** «ия» - 20, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0 дауыс берді. Регламентті бекітуге дауыс берді «ия» - 20, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0 дауыс берді.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Абилдаева Г.А. - «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, Бас жобалау институтының 1-санатты инженер-жобалаушы.

Баяндама тақырыбы: «Абыз кен орнының қорларын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасының қоршаған ортаны қорғау бөліміне, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы – «Қарағандытүстімет» ӨБ Абыз кен орнының атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары (РШН) нормативтерінің 2025-2031 жылдарға арналған жобасына, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы - «Қарағандытүстімет» ӨБ Абыз кен орнының шахта суларындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділері нормативтерінің 2025-2031 жылдарға арналған жобасы баяндама парақтар саны: баяндама – 10, слайдтар – 36, файлдар, сызбалар, плакаттар – жоқ. Баяндама қоғамдық тыңдаулардың осы хаттамасына қоса берілді. Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Ұсыныстар жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Темірғалы Айзада Темірғалықызы - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Басты ауылдық округінің әкімшілігінің өкілі

 2025 ж. «07» наурыз

18. Қоғамдық тыңдаулардың:

Аманкелдина Айтолкын Сайлауовна - «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС бас маманы

 2025 ж. «07» наурыз

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ»)
1	Е.Сипин - Абыз ауылының тұрғыны Барлық сұрақтарымызға жауап берген болатын. Шахталық су бойынша сұрақ өзекті болып тұр.	Ж.Х. Бимаганбетов– «Абыз» кенішінің директоры Жер астынан шығарылып жатқан шахталық су біздің жоспарланған мөлшерден өте аз болып жатыр. Қазіргі таңда тек бір сорғы жұмыс істеп жатыр, екеуі қосалқы тұр. Барлық мөлшерлер қормен алынады, сондықтан үлкен мөлшерлермен (шахталық сулар) көрсетіліп тұр. Жобалардың мерзімі жоспарланып тұрған мерзім 7 жыл арасымен 2025-2031 жылдарға қарастырылып отыр.	Сұрақ шешілді
2	А.Т. Темірғалы - Бақты ауылдық округі әкімшілігінің өкілі 1.Бақты ауылының үстінен техникалар өтіп жатады. Шаң басу негізінен климатқа байланысты өткізіледі. Көбінесе тұрғындардан шаң бойынша шағымдар келіп жатады.	Ж.Х. Бимаганбетов– «Абыз» кенішінің директоры 1. Жол бетін сумен себу жүргізілгенімен, ол жол жарты сағаттан кейін кеуіп кетеді. Ресей компаниясы өзінің арнайы жолға себетін қоспасын ұсынған болатын, дегенмен экология жағынан зиян болып шықты. Корпорация («Қазақмыс корпорациясы» ЖШС) мәселені жан-жақты қарастырып отыр. Мердігер ұйымдарға жүк тасу кезінде үстін тентпен жауып, жол бетін сумен себуін міндеттегенбіз.	Сұрақ шешілді

	2. Жолдардың жағдайына қарай, оның ішінде ауыл жолдарына, тегістеу жұмыстары жүргізілсе. Е.Сипин - Абыз ауылының тұрғыны Жоспарға 5 км жол қосуға болмайды ма? 3.Жұмысқа қабылдау мәселесі бойынша сұрақтар да ауыл тұрғындарынан келіп жатыр.	Аймағанбетов М.У. – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жобалар мен лицензияларды сүймелдеу бөлімінің басшысы 2. «ҚазАвтоЖол» өкілдері мен Корпорацияның көлік бөлімі келіп, жолдарды қараған болатын. Нәтижесінде жолдың ақау ведомості құрастырылды. Сонымен қатар, Түндік көпірін жөндеу бойынша жобалар қабылданып, жұмыстары басталу көзделуде. Ж.Х. Бимағанбетов– «Абыз» кенішінің директоры 3.Қазір жұмысқа кіру үрдісі портал арқылы жүзеге асырылады. Біз Корпорацияға қажет маман бойынша сұраныс жібереміз. Кейін олар вакансиялық орын ашады. Аймағанбетов М.У. – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жобалар мен лицензияларды сүймелдеу бөлімінің басшысы 3.Қазір сырттан адамды жұмысқа алу барысын мөлдір ету үшін сайт, портал арқылы вакансиялар жарияланады. Порталға тіркеліп, мамандығына сай вакансияларды қарау мүмкіндігі бар. Кейін тест және сұхбат үрдістері де болады. Барлы ашық вакансияларды ғаламтор арқылы сайттан көруге болады.	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ
--	--	--	---

Белгіленген қызмет бастамашының сұрау-хат көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы сұрау-хатының көшірмесі

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25511735001, Дата: 17/01/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ отработки месторождения Абыз (корректировка схемы вскрытия)», проекты нормативов эмиссий (НДВ, НДС) и программа управления отходами (ПУО) для месторождения Абыз филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - ПО «Карагандацветмет» на период 2025-2031 годы

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с.Абыз, ул.Абыз, 4, клуб села Абыз. Ссылка на онлайн подключение: <https://kazakhstan.webex.com/join?MTID=mt00357121a50a5d2400243302e374bd8c> Номер совещания (код доступа): 251 387 717 68 Пароль совещания: 123456d0, 05/03/2025 12:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

"Орталық Қазақстан", Телеканал "Первый Карагандинский"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

1) Ақымат Бактинский с.о. (доска объявлений), ул.Тәуелсіздік-13; 2) ул.Абыз, 4, клуб села Абыз.

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "КОРПОРАЦИЯ КАЗАХМЫС" (БИН: 050140000656), 8 (7172) 557671 вн.номер 10557, Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz,

Представитель: Аманжолдина А.С. - 87072303203

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись,

Қоғамдық тыңдаулар өткізуге әкімшілік-аумақтық бірліктердің (ауданның, қаланың) жергілікті атқарушы органдарынан қоғамдық тыңдаулар бастамашысына жауап-хат нысаны

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25511735001, Дата: 22/01/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25511735001, от 17/01/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ отработки месторождения Абыз (исправление схемы вскрытия)», проекты нормативов эмиссий (НДВ, НДС) и программа управления отходами (ПУО) для месторождения Абыз филиала ТОО «Корпорация Казакхмыс» - ПО «Карагандацветмет» на период 2025-2031 годы, в предлагаемую Вами 05/03/2025 12:00, Карагандинская область, Карагандинский район, Бактинский с.о., с. Абыз, ул. Абыз, 4, клуб села Абыз. Ссылка на онлайн подключение: <https://kazakhstan.webex.com/kazakhstan-tu?MTID=mt0357121a50a5d2400243302e374bd8c> Номер совещания (код доступа): 251 387 717 68 Пароль совещания: 123456dD (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "КОРПОРАЦИЯ КАЗАХМЫС" (БИН: 050140000656), 8 (7172) 557671 вн.номер 10557, Aizhan.Suleimenova@kazakhstan.kz,

Представитель: Аманжолдина А.С. - 87072303203

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ашық жиналыс нысанындағы тіркеу парағы

2025 жылғы 05 наурызы, сағат 12.00 Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз а., Абыз ауылының клубы.






Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Қарағандытүстімет» ӨБ филиалының Абыз кен орны үшін 2025-2031 жылдарға арналған «Абыз кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары (ашу схемасын түзету)» жобасына, эмиссиялар нормативтерінің жобаларына, қалдықтарды басқару бағдарламасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі

Регистрационный лист участников общественных слушаний в форме открытого собрания
19 ноября 2024 года, 12.00 час. Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Абыз, клуб села Абыз.

Предмет общественных слушаний:

Раздела «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ отработки месторождения Абыз (корректировка схемы вскрытия)», проектов нормативов эмиссий и программу управления отходами для месторождения Абыз филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - ПО «Карагандацветмет» на период 2025-2031 годы

№ пп	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қатысушы	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц- байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
№ пп	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, государственного органа, Инициатора)	Контактный номер телефона	Формат участия (очно или посредством конференцсвязи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	2	3	4	5	6
1	Теміртаев Ахмет Теміртаевич	представитель абыз а. с. Абыз	—	очно	А. Теміртаев
2	Билимбетов Аманжол Кашымбекович	директор р. Абыз	86103 926851	очно	Билимбетов

3	Набдуллин Тимур Валерович	инженер по работе с персоналом ДУР ТОО, «Корпорация Казкомбанк»	84812 558349	очно	
4	Алимовидеов Мухтар Утекович	начальник села ТОО , «Корпорация Казкомбанк»	84212 952589	очно	
5	Аманжол Айтманек Сайлауовна	инв. слес. села ТОО , «Корпорация Казкомбанк»	84812 554665	очно	
6	Башархан Анна Касымовна	слес. села ТОО , «Корпорация Казкомбанк»	-	очно	
7	Алимова Гузель Ахметовна	инженер - проектировщик ТОО	84812 554643	очно	
8	Аманжол Сериял Мамурбаев	технический инженер села ТОО, «Корпорация Казкомбанк»	84212 926710	очно	
9	Тусупбаев Ермежан Ермикович	начальник смены БВР в. ТОО	86103 926813	очно	
10	Рендер Александр Александрович	слес. инженер села ТОО в. ТОО	84212 926850	очно	
11	Дондоев Сайрам Ахмедовна	машинист в. ТОО	-	очно	

12	Самина Ксения Юрьевна	руководитель с. Ады	8405 10202 52	04.10	- ксер.
13	Сенюк Алексей	руководитель с. Ады	-	04.10	Сенюк
14	Сорокин Павел Владимирович	руководитель с. Ады	-	04.10	Сорокин
15	Аскарот Б.М.	руководитель с. Ады	-	04.10	Аскарот
16	Соловьев Николай	руководитель с. Ады	-	04.10	Соловьев
17	Орлов Павел Александрович	руководитель с. Ады	-	04.10	Орлов
18	Васильева Екатерина	руководитель с. Ады	-	04.10	Васильева
19	Курашвили Дмитрий	ОТЗ Р. "Ады"	8705 3033613	04.10	Курашвили
20	Курашвили Александр	руководитель с. Ады	-	04.10	Курашвили

KEMENTERIAN YATUYAN BERKUALITI

[illegible]



ТОО "ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ "КАРАГАНДА" ЖШС

БИН 040 740 004 609

100012, Г. КАРАГАНДА, УЛ. ЖАМБЫЛА, 28, ТЕЛ.: 56 88 69, 56 75 54

№ 9

27.01.2025

Эфирная справка

Дана в том, что 25 января 2025 года в эфире телеканала "Первый Карагандинский" осуществлялся прокат телегазеты следующего содержания:

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 05 марта 2025 года в 12:00 ч. планируется проведение общественных слушаний по рассмотрению Раздела «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ отработки месторождения Абыз (корректировка схемы вскрытия)», проектов нормативов эмиссий (НДВ, НДС) и программу управления отходами (ПУО) для месторождения Абыз филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - ПО «Карагандацветмет» на период 2025-2031 годы по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Абыз, ул.Абыз, 4, клуб села Абыз.

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Абыз, географические координаты 49°25'01,16"-с.ш., 76°29'54,69"- в.д.

Географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55.62	76	29	41.34
2	49	24	54.14	76	29	36.13
3	49	24	56.37	76	29	26.05
4	49	25	03.44	76	29	11.28
5	49	25	19.97	76	28	56.63
6	49	25	38.11	76	29	27.16
7	49	25	23.09	76	29	54.07
8	49	25	06.46	76	29	55.25

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Аманкелдина А.С., главный специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Aitolyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz, на эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru и почтовый адрес: г. Караганда, ул. Лободы 20 в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

Ссылка на онлайн подключение:

<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m00357121a50a5d2400243302e374bd8c>

Номер совещания (код доступа): 251 387 717 68

Пароль совещания: 123456dD

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 05 наурызы сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз а., Абыз көшесі, 4, Абыз ауылының клубында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Қарағандыцветмет» ОБ филиалының Абыз кен орны үшін 2025-2031 жылдарға арналған «Абыз кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары (ашу схемасын түзету)» жобасына, эмиссиялар нормативтерінің жобаларына (РШН, РТН), қалдықтарды басқару бағдарламасына (ҚББ) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарланғанын хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз а., географикалық координаттары 49°25'01,16"-с.е., 76°29'54,69"-ш.б.

Учаскенің географикалық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Географикалық координаттар					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55.62	76	29	41.34
2	49	24	54.14	76	29	36.13
3	49	24	56.37	76	29	26.05
4	49	25	03.44	76	29	11.28
5	49	25	19.97	76	28	56.63
6	49	25	38.11	76	29	27.16
7	49	25	23.09	76	29	54.07
8	49	25	06.46	76	29	55.25

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Аманкелдина А.С., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, бас маманы, тел. 8 (7212) 957401, эл.мекен-жайы: Aitolyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары төмендегі сайтта орналастырылған: [esoportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей [esoportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru) сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі

Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекен-жай бойынша және тел. нөм. 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме:

<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m00357121a50a5d2400243302e374bd8c>

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 251 387 717 68

Жиналыс құпия сөзі: 123456dD



Время выходов: в 09:30, 15:00, 16:30, 20:30 на государственном языке и русском языках.

Директор



Макатов Е.Д.





Тыңдалған баяндама туралы мәліметтер:

«Абыз кен орнының қорларын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасының қоршаған ортаны қорғау бөліміне баяндама

Нысанның орналасқан орыны

Әкімшілік жағынан Абыз кен орнының аумағы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына жатады.

Абыз кен орны Қарағайлы кентінен 66 км қашықтықта орналасқан.

Қарқаралы қаласының аудан орталығы «Абыз» кенішінен 70 км қашықтықта (төте жолмен) және кен орнынан батыс бағыттағы автожол бойыннан 87 км қашықтықта орналасқан.

Ең жақын елді мекендер солтүстік-батыстағы (5 км) Абыз ауылы және оңтүстік бағыттағы Бақты ауылы (28 км) болып табылады.

Бұл жобаны іске асыру қорғалатын объектілерден алыс көзделеді және ҚР Мәдениет комитетінің сәулет-көркемдік құндылығы бар және Қазақстанның халық сәулетін зерттеуге ғылыми қызығушылық танытатын ескерткіштерді қорғау органдарында есепте тұрған ескерткіштерге әсер етпейді.

Жобалық шешімдер

Абыз кен орнының тау-кен жұмыстары «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті» мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасындағы келісім негізінде жүзеге асырылуда. Бұл жобаның аясында тау-кен телімінің аумағы 1,028 км²-ге дейін кеңейтіліп, кеннің тереңдігі 670 метрден 860 метрге дейін арттырылады. Жерасты тәсілімен кен өңдеу үшін қабат астындағы опырылу жүйесі пайдаланылады.

Қазіргі уақытта кеніште екі негізгі телімде жұмыстар жүргізілуде:

- **Шығыс телімінде 590 м қабатқа дейін қорлар дайындалып, өндіріледі.**

- **Батыс телімінде 390 м қабатқа дейін қорлар ашылып, өндіріледі.**

Кенді тазалау мен жер бетіне тасымалдау дизельді автосамосвалдармен жүзеге асады, ал шахталық дренажды су бұру кешені 390 м қабатта орналасқан. Тасымалдау сорғы станциясы 530 м тереңдікте орналасқан.

Жалпы, Абыз кен орнында 2025 жылдан 2031 жылға дейін кен өндіру жұмыстары жоспарланып, жылдық өнімділік 600 мың тонна кен өндіруге бағытталған. Күрделі тау-кен жұмыстары 2025-2026 жылдары орындалады.

Кен орнындағы жалпы қорлар:

- 4 557,9 мың тонна кен
- 1,13% орташа мыс мөлшері (51 614 тонна мыс)
- 8 664 кг алтын
- 90 371 кг күміс
- 67 330 тонна мырыш
- 11 468 тонна қорғасын

Жоба аймақтың тау-кен өнеркәсібінің дамуына үлес қосып, жоғары сапалы металлдар өндірісін қамтамасыз етеді.

Жер асты нысандары

Кен жұмыстарын жоспарлау жобасы келесі жер астындағы нысандарды қамтиды:

Ауа жеткізетін ұңғыма (оңтүстік бет) – қорларды ашу және шахтаға таза ауаны беру үшін, бұл жұмыс істеу үшін қауіпсіз жағдайларды сақтауға көмектеседі.

- **Желдеткіш (солтүстік оқпан)** – қалыпты еңбек жағдайын сақтау, зиянды газдардың жиналуын болдырмау және оттегімен қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын шахтаның желдетілуін қамтамасыз ету.
- **Солтүстік көмекші ұңғыма** – төтенше жағдайлар кезінде адамдарды жоғарыға шұғыл көтеру үшін 1 және 2 көлік беткейлері - тау-кен массасын және кенді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін самосвалдармен кенді және тау-кен массасын жер бетіне шығару үшін.
- **1 және 2 желдеткіш беткейлері** – бұл беткейлер төтенше жағдайларда адамдарды эвакуациялау үшін апаттық шығулар ретінде пайдаланылады. Бұл төтенше жағдайлар кезінде кеншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды аспект.

Барлық осы нысандар шахтаның қалыпты жұмысын қамтамасыз етіп, жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Кен өндіру кестесі

Тау-кен жұмыстарын орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкес келетін ашу жұмыстарының қазба жұмыстары мен жоспарлы қарқынын ұйымдастыру;

- 590-горизонттан жоғары жерасты тау-кен жұмыстарының (УПГР) жылдық көлемі 200 мың тонна кен;

- кенішті жылына 600 мың тонна кен өндіруге арналған жобалық қуатына жеткізу.

Абыз кенішінің 2025 жылға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес жобалық өнімділікке игерудің бірінші жылынан бастап қол жеткізіледі және алдағы 7 жылда сақталады. Бұл ұзақ мерзімді перспективада кеніштің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, барлық ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кеніштің пайдалану мерзімі

«Абыз» кенішінің жалпы пайдалану мерзімі 7 жылды құрайды. Осы кезеңде тек қана қорларды игеру ғана емес, сонымен қатар кеніштің құрылысы мен дамуы, сондай-ақ пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін тау-кен жұмыстарының тоқтатылуы жоспарлануда.

Осылайша, «Абыз» кенішінің жобасы бірнеше жыл бойы тұрақты және жоғары өнімділікке жетуді көздейді, жобалық қуатқа кезең-кезеңмен шығу және қорларды тиімді басқару мен кен өндіруді оңтайландыру арқылы.

Атмосфералық ауаға әсері

Атмосфералық ауа.

Кен орнының қорларын ашу және өңдеу схемасы бойынша қабылданған жобалық шешімдерге сәйкес 2025-2031 жылдар кезеңіне белгіленген ластану көздерінен атмосфералық ауаға 49 атаудағы ластаушы заттар шығарылады. Шығарылатын заттар: темір (II, III) оксиді, кальций оксиді, марганец және оның қосылыстары, хром, кальций дигидроксиді, азот (IV) диоксиді, азот (II) оксиді, гидрохлорид (тұз қышқылы), күкірт қышқылы, көміртегі, күкірт диоксиді, күкіртсутек, көміртегі оксиді, фторидті газ қосылыстары, нашар еритін бейорганикалық фторидтер, қаныққан көмірсутектердің C1-C5 қоспасы, қаныққан көмірсутектердің C6-C10 қоспасы, пентилендер, бута-1,3-диен, изобутилен (Метилпроп-1-эн), 2-метилбута-1,3-диен (изопрен), пропен (пропилен), этилен (этилен), бензол, диметилбензол, 1-(метилвинил) бензол, винилбензол (стирол, этилбензол), метилбензол, этилбензол, 2-хлорбута-1,3-диен (хлоропрен), бутан-1-ол, этанол, 2-Этоксидэтанол, бутилацетат, дибутилфталат, проп-2-ен-1-аль(акролеин, акрил альдегиді), формальдегид (метанал), пропан-2-бір (ацетон), оксиран (этилен оксиді), акрилонитрил, керосин, минералды мұнай майы, еріткіш нафта, ақ рух, қаныққан көмірсутектердің C12-C19 қоспасы, эмульсол, қалқымалы бөлшектер, құрамында кремнийі бар бейорганикалық тозаң, %-бен берілген - 70-20, абразивті шаң.

Кен орнын игеру кезіндегі шығарындылар саны:

- жылжымалы көздерді ескере отырып: 2025 жылы - 744,5166 т/жыл, 2026 жылы - 720,0570 т/жыл, 2027 жылы - 683,1559 т/жыл, 2028 жылы - 684,0809 т/жыл, 2029 жылы - 684,0809 т/жыл, 2030 жылы - 684,0809 т/жыл, 2031 жылы - 532,9637 т/жыл;

- жылжымалы көздердің шығарындыларын есепке алмағанда: 2025 жылы - 744,4122 т/жыл, 2026 жылы - 719,9527 т/жыл, 2027 жылы - 683,0515 т/жыл, 2028 жылы - 683,9766 т/жыл, 2029 жылы - 679,6445 т/жыл, 2030 жылы - 681,4613 т/жыл, 2031 жылы - 532,8594 т/жыл.

Тау-кен жұмыстарының негізгі ластаушы заты шаң болып табылады. Кәсіпорында шаң шығарындыларын азайту үшін келесі шаралар қолданылады:

Шаңмен ластануды азайту шаралары

«Абыз» кенішінде тау-кен жұмыстарының негізгі ластаушы заты – шаң, ол қоршаған орта мен денсаулыққа теріс әсер етуі мүмкін. Шаң шығарындыларын азайту үшін келесі шаралар қабылданған:

1. **Үйінділер мен жолдарды сумен шаңсыздандыру** – тиімділігі 60%-ға дейін.
2. **Жарылыс жұмыстарында гидравликалық қысу және су перделерін қолдану** – шаңды болдырмауға ықпал етеді.
3. **Бұрғылау жұмыстары кезінде су перделерін қолдану** – 85% тиімділікпен шаңды басады.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, ауа бассейнін қорғау үшін технологиялық жолдар мен үйінділерде суды шаң басу, тесіктерді бұрғылау кезінде шаю шаралары жүргізіледі.

4. №1, №2 және №3 жыныстық үйінділер үш жылдан астам пайдаланылмайды, топырақ түзілуіне және өздігінен өсіп-өнуіне байланысты оларға шаң басу қажет емес. Қиыршық тас және Құм-қиыршық тас қоспасы қоймалары үшін шығарындылар жоқ, өйткені олар резеңке матамен жабылған. Автокөлік шаңның алдын алу үшін шатырлармен жабылады.

Абыз кенішінде шаңды басу шаралары шаң шығарындыларын тиімді бақылауға және экологиялық стандарттарды сақтауға мүмкіндік береді. Барлық шаралар, соның ішінде гидрошаңмен күресу, су перделерін пайдалану, сондай-ақ қоқыс үйінділері мен қоймалардың жағдайын бақылау қоршаған ортаның ластануын барынша азайтуға және жұмысшылардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Мониторинг көрсеткендей, шаң шығарындылары белгіленген стандарттар шегінде, бұл шахтаның экологиялық саясатының сәттілігін растайды.

Санитарлық-қорғау аймағы мен нысанның санаты

Санитариялық ережелерге сәйкес Санитарлық-қорғау аймағы **1000 метр** болып қабылданады.

Санитарлық-қорғау аймағының өлшемі «Өндірістік нысандардың санитарлық-қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы ҚР ДСМ-2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 11 қаңтарда №26447 құжаты бойынша, қауіптіліктің **I сыныбына** сәйкес келеді.

Абыз кен орны I санаттағы нысанға жатады. Өндірістің жұмысына байланысты барлық әсерлер осы аймақта болады, ол халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық санитарлық нормалар мен талаптарды сақтауды талап етеді.

Суды тұтыну және бұру

Сумен жабдықтау және су бұру.

Абыз кенішінің нысандарын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету, Абыз кен орнынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жердегі вахталық қалашық аумағында орналасқан №1е ұңғымасы арқылы жүзеге асырылады.

Абыз кенішінің өнеркәсіптік алаңына су беру келесідей жүзеге асырылады: ұңғымадағы су, суасты сорғысы арқылы жер бетіндегі көлемі 15 м³ су құятын су тасығышқа

беріледі. Су тасығыш суды көлемі 70 м3 жинақтаушы сыйымдылыққа жеткізіп, ары қарай тарату желісі бойынша су тұтыну нүктелеріне ағады.

Ауыз су қажеттіліктеріне-7766,72 м3

Асхана қажеттіліктеріне - 2890,8м3

Қатты жабындыларды суаруға-0,34225 м3/сут, 17,797 м3/жылына.

Жасыл желектерді суаруға - 1,7847 м3/сут., 92,804 м3/жылына.

өндірістік қажеттіліктер үшін шахталық сулар пайдаланылады - 383 097,6 м3/жылына.

- Үйінділерді суаруға – 32724 м3/жылына;

- Жолдарды суаруға – 8208 м3/жылына;

- шахтадағы технологиялық қажеттіліктер үшін (бұрғылау және ұңғымалар) - 342165,6 м3/год.

Шахта суын қайтарымсыз тұтыну - 383 097,6 м3/год.

Жер асты өрті сөндіруге арналған су шығынын анықтау кезінде бір есептік өрт қабылданды. Бір өртке арналған су шығыны 16 л/сек құрайды.

Су бұру.

Абыз кен орнының қорларын өңдеу кезінде шаруашылық-тұрмыстық, шахталық ағынды сулар пайда болады.

Кеніштің өндірістік алаңының аумағында және вахталық қалашықта пайда болған тұрмыстық сарқынды сулар қолданыстағы тұрмыстық кәріздер желілері арқылы қолданыстағы септиктерге жіберіледі. Әрі қарай, септиктер белгілі бір деңгейге дейін толтырылғандықтан, ағынды сулар ассенизаторлық көліктер арқылы сорылып, кейін оларды шығарып, Қарқаралы қаласының ағынды суларды тазарту қондырғыларына ағызылады. Тұрмыстық сарқынды суларды айдауды, оны шығаруды және тазарту құрылыстарына ағызуды **үшінші тарап ұйымы келісім-шарт негізінде жүзеге асырады.**

2025 жылдан бастап 2026 жылға дейін (қоса алғанда) өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылмаған шахта суы қолданыстағы булану тоғанына жіберіледі, 2027 жылдан бастап шахта суы жобаланған булану тоғанына ағызылады;

2025-2026 жылдарға арналған су бұру:

2025-2031 жылдарға арналған шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың есептік көлемі -10657,52 м3/жылына, 1,217 м3/сағатына.

Шахта суларының жалпы су бұру:

- 2025-2026 жылдары қолданыстағы булану тоғанына – 300182,4 м3/жылына;

- 2027-2031 жылдары жобаланған булану тоғанына – 300182,4 м3/жылына.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Пайдалану кезеңінде қалдықтардың 39 түрінің пайда болуы болжанады:

Қауіпті қалдықтар: Қолданылған автомобиль аккумуляторлары, қолданылған мотор майы, қолданылған беріліс майы, қолданылған гидравликалық май, пайдаланылған компрессорлық май, қалдық салқындатқыштар (антифриз және т.б.), майлы шүберек, пайдаланылған май сүзгілері, қолданылған отын сүзгілері, бояулар мен лактарға арналған контейнерлер, шахтаға арналға істен шыққан бас шамдар, полипропилен пакеттері, құтқарушыларға арналған істен шыққан қажеттіліктер, жанар-жағармайға арналған металл ыдыстар, резервуарларды тазалау кезіндегі мұнай шламы, кеңсе және электронды жабдықтардың қалдықтары, жиналған аспирациялық шаң, қолданылған сөмке сүзгілері, қолданылған сүзгі элементтері, абразивті металл шаңы.

Қауіпсіз қалдықтар: Істен шыққан автокөлік дөңгелектері, қолданылған ауа сүзгілері, дәнекерлеу электродтары, кара металдардың сынықтары, түсті металл сынықтары, кабельдік өнімдердің қалдықтары, абразивті өнімдердің қалдықтары, қолданыстан шыққан тежегіш төсемдер, ПВХ құбырларының қалдықтары, резеңке бұйымдарының қалдықтары, қағаз қапшықтар, құрылыс қалдықтары, ағаш қалдықтары, құрамында сынап жоқ қалдық шамдар, қолданылған жұмыс киімі мен аяқ киім, жеке қорғаныс құралдарының қалдықтары

(ЖҚК), аймақтан шығатын қалдықтар, тұрмыстық қатты қалдықтар, тау-жыныстарының қалдықтары.

«Абыз» кенішінде түзілетін қалдықтар оларды жою немесе қалпына келтіру үшін шарт бойынша мамандандырылған ұйымға берілуге тиіс. Қалдықтардың қоршаған ортаға әсері табиғатты қорғау шараларын сақтау және қалдықтарды басқарудың тиісті жүйесінің болуына байланысты рұқсат етілген деп бағаланады.

Жанасқан тау жыныстардың түзілу көлемі:

2025 ж. – 202 608 т,
2026 ж. – 158 120,1 т,
2027 ж. – 91 395 т,
2028 ж. – 92 988 т,
2029 ж. – 85 050 т,
2030 ж. – 88 452 т,
2031 ж. – 50 733 т.

Жолдарды толтыру үшін жанасқан тау жыныстарын пайдалану:

2025 ж. – 6078,24 т,
2026 ж. – 4743,603 т,
2027 ж. – 2741,85 т,
2028 ж. – 2789,64 т,
2029 ж. – 2551,5 т,
2030 ж. – 2653,56 т,
2031 ж. – 1521,99 т.

Жанасқан тау жыныстарды көму лимиттері 2025 – 2031 жылдарға арналған кенді өндірудің күнтізбелік жоспарына сәйкес қабылданды және мыналарды құрайды:

2025 ж. – 196 529,76 т,
2026 ж. – 153 376,5 т,
2027 ж. – 88 653,15 т,
2028 ж. – 90 198,36 т,
2029 ж. – 82 498,5 т,
2030 ж. – 85 798,44 т,
2031 ж. – 49 211,01 т.

Кәсіпорында жұмыс істеу кезеңінде (2025-2031 ж.ж.) түзілген қалдықтардың жалпы көлемі:

2025 г.- 203156,651812 т,
2026 г.- 158668,667312 т,
2027 г.- 91943,440712 т,
2028 г.- 93536,443712 т,
2029 г.- 85598,428612 т,
2030 г.- 89000,435112 т,
2031 г.- 51281,200112 т.

«Қалдықтарды басқару» 7-бөлімінің «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесі» 1-тармағының «Байыту қалдықтарын, үстіңгі қабаттарды және негізгі тау жыныстарын өңдеу, оларды өңделген бұзылған және ластанған жерлерді қайта қалпына келтіру техникалық кезеңін жүргізу мақсатында пайдалану, карьерлердің ішкі үйінділерін толтыру және кеніштер мен бөгеттерді тазарту» талабы ҚР 02.01.2021 № 400-VI ҚР Экологиялық кодексінің 4-қосымшасы ескерілді.

Жобаланған жұмыстардың физикалық әсер ету деңгейі

Абыз кен орнында жоспарланған жұмыстардың физикалық әсер ету деңгейі жергілікті және уақытша, кен орнын игеру кезеңімен шектеледі. Бұған шудың, электромагниттік сәулеленудің және көліктік және технологиялық жабдықтың дірілінің әсері жатады. Жалпы, жобаланған жұмыстардың халық пен қызметкерлердің денсаулығына физикалық әсері рұқсат етілген деп бағаланады.

Топырақ-өсімдік жамылғысы. Осы жоба шеңберінде топырақ-өсімдік жамылғысына әсер ету рұқсат етілген сипатқа ие екендігі анықталды. Әсер жергілікті, нүктелік сипатта болады. Әсер ету ұзақтығы бойынша - тұрақты.

Топырақты бақылау бойынша шаралар: Кен өндіру кезінде топырақтың жағдайын бақылау өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Топырақ үлгілері жыл сайын, жаздың соңында – күздің басында алынады, себебі бұл уақытта суда еритін тұздар мен ластаушы заттардың ең көп жиналуы байқалады. Үлгілер санитарлық-қорғау аймағының шекарасында алынады. **Бақыланатын заттар:** Алюминий, Барий, Бериллий, Ванадий, Висмут, Темір, Кадмий, Кобальт, Марганец, Мыс, Молибден, Мышьяк, Никель, Қорғасын, Селен, Күміс, Стронций, Сурьма, Титан, Ртуть, Хром, Мырыш

Жалпы алғанда, жоспарланған қызмет табиғатты қорғау шараларын сақтай отырып жүзеге асырылатын болады, бұл шараларды орындау кезінде топырақ қабатына әсер ету қалыпты деңгейде болады деп бағаланады. Барлық экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес әрекет ету, қоршаған ортаға ықтимал теріс әсерді азайту мақсатында қабылданған шаралар қоршаған ортаның сапасын сақтау мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жануарлар әлемі. Жоба бойынша технологиялық шешімдер сақталғанда жұмыстар қайтымсыз сипатқа ие болмайды және қарастырылып отырған аймақта жануарлар генофондына әсер етпейді. Әсер сипаты, жануарлар дүниесіне әсер ету факторлары бойынша деректерді талдау көрсеткендей, әсер локальды сипатқа ие.

Халық және халық денсаулығы. Жобаның әлеуметтік салаға әсерін талдау көрсеткендей, жобаны жүзеге асыру ауданның қолданыстағы инфрақұрылымына теріс әсер етпейді. Қазба жұмыстарымен байланысты әрекеттер жаңа жұмыс орындарының құрылуына алып келеді. Осылайша, жоспарланған жұмыстар өңірдің әлеуметтік тұрмыс инфрақұрылымына ауыртпалық түсірмейді. Сонымен қатар, жұмыс күшіне және тұрмыстық қызметтерге деген сұраныстың артуы жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға оң әсерін тигізеді.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы – «Қарағандытүстімет» ӨБ Абыз кен орнының атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары (РШН) нормативтерінің 2025-2031 жылдарға арналған жобасына баяндама

Жобаны әзірлеу үшін негіз

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС филиалы Абыз кенішінің 2025-2031 жылдарға арналған шығарындылар нормативтерінің (ЭМС) жобасы қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу негізінде әзірленген. Жоба зиянды шығарындылар көздерінен ауаның ластану деңгейін бағалауды, сондай-ақ рұқсат етілген шығарындылар стандарттары бойынша ұсыныстарды және шахтаның санитарлық-қорғау аймағын ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды қамтиды. Қазіргі уақытта Абыз кенішінде 2023 жылдың 24 қазанында берілген I санаттағы нысандарға (No KZ03VCZ03360998) экологиялық рұқсат бар.

Санитарлық-қорғау аймағы мен нысанның санаты

